

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1801. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1656 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппараты қызметкерлерінің шекті саны негізінде 190 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне министрдің 5 орынбасарын, соның ішінде бір бірінші, сондай-ақ саны 12 адамдық алқа ұстауына рұқсат берілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.06.28.

N 308 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің

орталық аппаратына 6 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

<*>

ЕСКЕРТУ. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.06.28.

N 308 қаулысымен.

4. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1365 қаулысы;

"Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 желтоқсандағы N 1365 қаулысына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 28 сәуірдегі N 593 қаулысы.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің

бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1801 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрлігі орталық аппаратының
Қ Ұ Р Ы Л Ы М Ы

Болжамдау және нарық құрылымдарын жетілдіру
бас басқармасы

Егіншіліктегі саясатты әзірлеу бас басқармасы

Мемтұқыминспекциясымен мал шаруашылығы саясатын әзірлеу
бас басқармасы

Қаржы-инвестициялық саясат бас басқармасы

Техникалық саясат және Мемауылшаруашартехқадағалаумен бірге
қызмет көрсету басқармасы

Заңды тұлға құқындағы Мал дәрігерлігі комитеті

<*>

Кадр және құқықтық саясат бас басқармасы

Халықаралық ынтымақтастық басқармасы

Балық шаруашылығы басқармасы

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасы жөніндегі мемлекеттік
инспекциясымен бірге маркетинг зерттеулері басқармасы

АӨК-ні ғылыми қамтамасыз ету басқармасы

Шаруашылық басқармасы

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚРҮ-нің 1996.04.18.

N 472 қаулысымен.